



АПАТ

Солтүстік Қазақстан облысындағы Тайынша қаласында 300-ден аса оқушы оқитын білім ошағының ғимараты құлады. Абырой болғанда, ешкім зардап шекпеген. Өйткені, қауіп тұрған ғимарат қабырғасы түн ішінде құлаған. Бұл кезде мектепте ешкім де болмайтыны түсінікті.

Жарты ғасыр бұрын салынған ғимаратқа соңғы рет алты жыл бұрын күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген. Жаңа оқу жылы басталар тұста жауапты мекемелер ғимарат оқу жылына әзір деген төлқұжат та берген. Бұл мектепке жанаса салынған қосалқы нысанның қос қабырғасы. Екінші қабаттан түсетін баспалдағымен бірге түн ішінде сау етіп құлаған. 1971 жылы салынған ғимаратта сызат пайда бола бастағаннан бері мектеп басшылығы дабыл қағыпты. Дәл апат болған кезде аудандағы жергілікті құтқару қызметі мен аудан басшылары жетіп келген. Алайда түнде түсірілген суреттерде не бір адам, не техника көрінбейді. Есесіне, қосалқы ғимарат қабырғалары құлаған кезде, мектеп терезелері де шытынап, сынып кеткен. Жергілікті тұрғындар шенеуніктерге наразы. Апатты алдын ала біле тұра, құлағанша күтті.

ҚЫЗЫЛЖАРДА



МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫ ҚҰЛАДЫ



Бізбен тілдескен Тайынша қаласының тұрғыны Галина Кутателадзе өкпесінен жасыра алмады: «Бұл басшылардың жауапсыздығы. Өзі ескі мектеп. Кезінде біздің балалар оқыған. Жамап-жасап, ата-аналардан ақша жинап, жөндеу жұмысын жасайды. Ешкім жауап

бермейді, әрине, құлайды сосын», — дейді. Ал атқарушы биліктің айтары басқа. Тенселіп тұрған ғимаратты ресми түрде «апатты» деп таныпты. Әйтсе де, нысан ойлаған уақыттан ертерек құлаған. Яғни ғимаратты сүруге жеке серіктестікті жалдағанмен, олар істі соңына жеткізіп үлгірмеіті. Есесіне, апат орнын сүріп тастапты. Тіпті балшығы түскен жерлерді сылап та үлгерген. Бұл оқиға туралы Тайынша ауданының әкімі Иван Турков былай деді: «Қабырғаның опырылып түсетінін күткен жоқпыз. Негізі, оқу жылы аяқталған соң дәл осы нысанның бөлігін сүру жоспарланған еді. Бірақ қар еріген кезде қауіп күшейді, содан соң жеке серіктестік ақырын бұза бастаған. Қолымызда сараптама да бар», — дейді. Мектептің ішкі қабырғасы да бүлінген. Спорт залын жауып тастапты. Бірақ сабақ тоқтаған жоқ. Әзірге балаларға мектептің арғы бетіне баруға болмайды.

А.ТҰРҒЫНБЕКҚЫЗЫ,
КТК

ТҮЙТКІЛ

ШЕТЕЛГЕ ШАПҚЫЛАҒАНША...

Соңғы кездері әлеуметтік желілерде өліміздің жастарын шетелде білім алуға шақыратындар көбейді. Жарнамасы жер жаратын білім орталықтары мен жоғары оқу орындарының уәдесі де таудай. Өздеріне шаң жұқтырмайды. Осы жерде ескеретін жағдай – сыртқа сүйрейтіндер үшін болашақ студенттің ой-өрісі маңызды емес. Ең бастысы – қалтасында қомақты қаражаты болса жетеді. Ал біздің жастар үшін «шетелде оқыған» деген бір ауыз сөз өлі күнге мақтаныш. Өкінішке қарай, қыруар қаражат жұмсап, шетелдік дипломмен жұмыссыз жүргендер де баршылық. Осы орайда біз экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығының төрағасы Рахман Алшановты сөзге тартқан едік.



Қазір Қытай, Ресей, АҚШ, Түркия, Малайзия секілді мемлекеттер қазақ жастарын магниттей тартуда. Тіпті түріктер біздің жастарға алдағы оқу жылына арнап 200 білім грант бөлді. Осылайша, тіпті тіл білмесеңіз де оқасы жоқ, өздері оқытып алады. Бұл жағдайлардың түп-төркініне үңілер болсаңыз, оқуға шақыратындар шын мәнінде, шетелден келетін студенттердің қаражаты арқылы айтарлықтай табысқа кенелуде.

Нақты мысалға жүгініп көрелік. Австралия әлемнің әр шалғайынан 298 мың баланы оқытып, ел бюджетін жылына бірнеше миллиард долларға толықтырады. Болашақта тәуір мамандық алып, табысқа кенелу үшін жастар Қытайдан, Үндістаннан, Еуропа елдерінен ағылып барып жатыр. Өйткені бұл елде білім саласы жақсы дамығанын, мемлекет айрықша көңіл бөлетіндігін алдын ала біліп алған.

(Жалғасы 3-бетте)

дөп

Қоғам қатыгезденіп барады. Жайсыз жағдайлар жиі қайталанатын болды. Оның жалыны балаларды да шарпығаны жүрек сыздатады. Түркістан облысының Жетісай ауданында болған тосын оқиға осының бір көрінісі. Сонда адам бойында өшпенділік қалай пайда болады? Жүрек неге мейірімсіз? Балалардан өш алатындай басымызға не күн туды? «ДӨП» пікірталас клубының қонағы, Мәжіліс депутаты Зәуреш Аманжоловамен журналист Досжан Мұратұлы жоғарыдағы сауалдар төңірегінде сұхбаттасты.



ТӘРБИЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Досжан Мұратұлы: Жетісайда болған сұмдық оқиғаны жақсы білесіз. 12,13 және 16 жастағы қыздарды өгей анасы аюандықпен азаптаған. Ойласаң — жүрегің ауырады. Осы оқыс оқиғаға қатысты не айтасыз?

Зәуреш Аманжолова: Бұл оқиғаны өзім де жан-жақты ой елегінен өткіздім. Қыздар әкесімен бірге тұрады екен. Жұрт қыздардың ақыл-ойы, сана-сезімі, әкесінің жандүниесін түсінгендіктен, өте жақсы көргендіктен үйде болған нәрсені айтпаған деп жатыр. Сонда мәселе өгей анада ма? Ананың аты — ана. Тіпті сол азаматтан бала туып отыр. Ендеше, бұл қалай болғаны? Менің мамандығым дәрігер. Денсаулықтың кәдірін білемін. Адамның психологиясы қалай, қандай жағдайда өзгеретінін түсінемін. Кейде адам қанында қатыгездік қасиет қалай пайда болатынын ойлаймын. Неліктен? Әлде олардың өзі өмір жолында сондай қатыгездікті бастан кешірді ме? Себебі бұл жай ашудан туындаған жағдай емес. Мүмкін физикалық, тіпті тұқым қуалау салдарынан болатын нәрсе. Себебі зорлық-зомбылықтан денеде қалған іздерді көрсеткен кезде, адамның денесі түршігеді. Адам мұндай әрекетке физикалық, ашу қысқан жағдайда барады. Болмаса жек көрудің нәтижесінде болуы мүмкін. Ал мына жердегі оқиға — өте қорқынышты. Физикалық — күш көрсетудің нақ өзі. Тіптен кемпірауызбен кинауы — нағыз қанішерлік әрекет. Сондықтан жан жарасынын жазылуына өте ұзақ уақыт кетеді. Менің айтарым, балалар сондай қатыгез ортада өспесін.

Досжан Мұратұлы: Ұзақ жыл акушер-дәрігер болғаныңызды білеміз. Өгей ананың қыздарға қол көтеруі босанғаннан кейінгі күйзеліс салдары болуы мүмкін бе?

Зәуреш Аманжолова: Әрине, босану әйелге үлкен психикалық әсерін тигізеді. Ондай жағдай кейде адамның денсаулығына байланысты болады.

Қатты күйзеліске түседі. Ол адамға тән психологиялық қасиет. Босанған уақыт кейде оған ықпал етеді. Сондықтан баласын өлтіріп қоятын, болмаса өзіне қол жұмсайтын жағдай ұшырасады. Аналардың күйзеліс жағдайында босанатындығын дер кезінде анықтап, дәрігерлік көмек көрсету керек.

Досжан Мұратұлы: Қатыгездікке қатысты оқиға Алматыда да қайталанды. Бір кісі 14 жастағы мүгедек қызын қамап ұстаған. Ұрып соғып, басын жарып, құлағын жұлқылаған. Жетісайдағы жайт одан асып түсті. Жалпы, безбүйрек ана қайдан шығады?

(Жалғасы 3-бетте)

КӨКТЕМГІ ЕГІС

ШАРУАНЫҢ ШЫҒЫНЫ ШАШ-ЕТЕКТЕН



Қауырт шақта іс тетігін шешетін механизмдер жетіспейді. Әншейінде, жеткілікті көңіл бөліне бермейтін маман тапшылығын Арқадағы ақыл-дәнді аялаған қожалық басшылары көктемде бір, күзде бір сезінеді. Қалған уақытта механизмдердің ешкімге қажеті жоқ. Алақандай ауылда олар істейтін табыс табатын жұмыс та жоқ. Сондықтан мұқым ел кәдімгі тракторшыға жарымай отыр.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
75,02

DOLLAR
378.56

EURO
424,44

РУБЛЬ
5,91

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Осы аптада Nur Otan
кезектен тыс XIX съезін өткізіп,
партия алдағы сайлауға өз
үміткерін ұсынды.

Партия Төрағасы Н.Назарбаев ең алдымен Тәуелсіздік жылдары еліміз қол жеткізген табыстарға тоқталды. Одан кейін күн тәртібіндегі мәселеге маныз берген Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаевты еліміздегі Президент лауазымына лайықты бірден-бір үміткер екенін айтты. Н.Назарбаев қоғам және мемлекет қайраткерінің Отан алдында сіңірген еңбегі мен жеткен жетістіктеріне тоқталды. Тұңғыш Президент: «Қасым-Жомарт Тоқаев менімен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан

— киелі Тәуелсіздік алдындағы басты парызымыз! Біз осы бақты бағалай білсек қана асқар асуларды бағындыра аламыз!», — деді.

«Тұңғыш үміткерден емтихан алынды. Бірінші «Абай поэзиясы мен кара сөздері» тақырыбын, екінші мәтін оқуға Шерхан Мұртазаның «Мыңбұлақ»



ҮМІТКЕРЛЕР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

бастап қызметтің түрлі саласында жұмыс істеді. Ол ұзақ жылдар сыртқы істер министрлігіне жетекшілік етіп, Қазақстанның сыртқы саясатын бірге қалыптастыруға атсалысқандардың бірі. Оның дипломатиялық дәрежесі шетелде жоғары бағаланады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болғанын әрі тәжірибелі мемлекет саясаткері екенін жақсы білесіздер», — деді. Құрылтай делегаттары бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзіне артылған сенімге жауапкершілікпен қарайтынын жеткізді. Ол: «Сенімге серт беріп, үлкен үміттің үдесінен шығу үшін бар қажыр-қайратымды жұмсаймын! Қазіргі аумалы-төкпелі заманда құбыламыздан жаңылмау үшін біздің бағытымыз айқын! Кешегіні ұмытпай, келешекті ұлықтау

Қоғам қайраткері Әділ Ахмет Назарбаевтың Президенттіктен бас тартуын елдің саяси сахнасындағы ұлы шешім ретінде бағалады. Қ.Тоқаев Конституциялық Кеңеске өтініш жолдап, Конституцияның 41-бабы 2-тармағына ресми түсіндірме беруін сұрағанын еске сала кетейік. Осыған байланысты әділет вице-министрі Наталья Пан Қ.Тоқаевтың 2011-2013 жылдар аралығындағы дипломатиялық қызметі оның кезектен тыс Президенттік сайлауға түсуіне кедергі болмайтынын хабарлады. Сейсенбінің сәтінде Президенттікке үміткер Қ.Тоқаев мемлекеттік тілді меңгеруден емтихан тапсырды. Лингвистикалық комиссия кандидатты қазақ тілін толық меңгерген деп таныды. Бұл туралы комиссия төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков:

әңгімелері мен хикаялар жинағын тандап алды. Үшінші өзінің жанына жақын тақырып — Қазақстанның геосаясаты туралы әңгімелеп берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мемлекеттік тілді толық меңгерген», — деді.

Бұл аптада «Ақ жол» партиясы да кезектен тыс XV құрылтайын өткізіп, Мәжіліс депутаты Дания Еспаеваны кандидат ретінде бекітті. Оған 190 делегаттың 49,5 пайызы дауыс берген. Осылайша, елімізде алғаш рет әйел адам президенттік сайлауға түсетін болды.

Президенттік сайлауға «Ауыл» партиясы да өз үміткерін анықтады. Төлеутай Рахымбеков сайлауға осы ұйым атынан түседі.

Жолдасбек
ӘШІМХАНҰЛЫ

Аптаның
сауалы

Дариға НАЗАРБАЕВА,
Сенат спикері:



— Өңірлерде ауыз су бағдарламасын іске асыруға Тәуелсіздік алғалы бері 540 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Бірақ көптеген елді мекендерде халық таза ауыз суға қол жеткізе алмай келеді. Осы ауыз су бағдарламасы «Бермуд ұштағаны» сияқты, қаржы жұмбақ жолмен жосалып кетеді. Неліктен?

жауабы

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігінің комитет
төрағасы:



— Негізінен қомақты қаражат бөлінді, ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Алдымен, «Ақбұлақ» бағдарламасы, кейін «Ауыз су» бағдарламасы қолға алынып, енді аймақтарды дамыту бағдарламасы осы жұмыстарды жалғастыруда. 590 млрд теңге бөлінді, 940 ауыл орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Әлбетте, кемшіліктер жоқ емес, аяқталмай қалған нысандар бар.

Сөз-Жебе



Мұрат
БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты:

«Быттыр ҰБТ-ның шекті балына жете алмаған 1000-нан астам абитуриент жыл бойы 3 рет емтихан тапсырды. Он бір жыл бойы нашар оқыған оқушыдан білікті инженер, мұғалім немесе дәрігер шығуы мүмкін бе? Қазіргі көптеген оқу орындары сапалы білімге емес, диплом беруге ұмтылады. 7 жылда бізге Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан 6 миллион еңбек мигранты келді. Олар құрылыста, ауыл шаруашылығындағы мамандардың орнын басты. Жыл сайын мемлекет қаржысы мен ата-ананың қаржысына нарыққа қажетсіз мамандықтар дайындап, жұмыссыздар қатарын көбейтіп жатырмыз».

Аптаның айтары

Қабдеш ЖҰМАДИЛОВ,
Қазақстан Халық жазушысы:

«Біз ойын-сауықтың елі сияқтымыз. Әсіресе, әзілге бір тәулікте 10 сағат уақыт берілген. «Өлтіріл, бірақ мына халықты күлдір» дейтін секілді. Күлдіру де оңай емес, оған талант керек. Күлдіре алмаған соң қарқылдап өздері күледі. Мақсат — халықты ойландыруға жібермеу, күлдіру. Сосын қазір 1000 әнші бар. Олар Естайдың, Ақанның әндерін айтпайды. Оған шамасы келмейді. Олардың айтып жүргені ән емес, ырғақ. Біз соны шатастырмауымыз керек. Қазақ әні ондай болмайды»

(sputiknews.kz)

Деп салды...

Мұхтар ТІНІКЕЕВ, қоғам белсендісі:



«Мен өздігімнен сайлауға түсуден бас тарттым. Себебі мемлекеттік тілді білу деңгейім осынау манызды лауазымда боларлықтай жақсы деп айта алмаймын»

Мәселе

ҚҰРЫҚ

Алаяқтық — көне «кәсіп». Дейтұрғанмен, алдап, арбап ақша табудың капитализмде кең таралған тәсіл екенін белгілі. О'Генри деген лақап атпен танымал болған америкн жазушысы Уильям Сидни Портер алаяқтарды көп жазған. Қысқа әңгімелерде ашы әжуа мен сарказм басым. Көбіне көпке бармайтын келте қулық төңірегінде. Ол кезде мұндай теріс «бизнес» еркектің ісі болған.

Сол капитализм бізге келгелі алдағыштар көбейіп кетті. Бір қызығы, көбісі әйелдер. Соңғы үш-төрт күнде болған оқиғаларға тоқталайық. Маңғыстау өңірінде 30-ға толмаған бір келіншек «мұнай компаниясына жоғары айлықпен аспаз немесе құрылысшы ғып кіргіземін» деп уәдені үйіп-төгеді. Сөзіне сендіргені соншалықты, жұрттың біразы 650 мың теңгені өз қолымен санап береді. Өзбек елінен келген бұл әйелдің ешқандай мұнай компаниясында істемейтіні белгілі болды. Тақырға отырғандардың айқайынан кейін күдікті құрыққа ілінді.

Біздің адамдар «Арзанның сорпасы татымайды» деген тәмсілді білмейтін секілді. Әйтпесе, «су тегін үй, көлік әперемін» дейтін майда тіл, жүйрік жылпостарға сенбес пе еді. 28 жастағы бір ханым Алматыда көпшілікті арзан көлікпен «жарылқап» жүрген жерінде ұсталды. Ол өзінің қызылордалық жерлестерін де аямапты. Бас-аяғы 20 шақты адам «банкте кепілдікте тұрған мәшинені арзанға әперемін» деген әдемі әйелдің тәтті сөзіне иланып, алданып қалыпты. Шетелдік қымбат «темір тұлпарды» мінгісі келгендер ақшаны алдын ала толық төлеп тастайды. Бұрын дәл осы алаяқтық әрекеті үшін сотталған күдікті 30 млн теңгені осылай жинап алған деседі. Қазір сан соғып қалғандардың қатары көбейіп келеді.

Ал Ақтөбе облысында бауқеспелер мал ұрлығына кімдерді тартқан дейсіз ғой. Сол, біздің бүгінгі кейіпкерлерімізді. Ұрылар жайылып жүрген жұрттың жылқысын мен сиырын үттеп кету үшін жүргізуші әйелдерді жалдайды. Таксигіш ретінде. Сол үшін шопырға 95 мың теңге төлеген. Ұсталған әйел мұндай қылмысқа біле тұра барғанын айтады. Алаяқтықтың ұлт, жас немесе жыныс талғамайтыны белгілі. Әйтсе де, алдап-арбауға әйелді күдік тудырмайды деп тартатыны да белгілі. Міне, соңғы күндері олардың қылмыстық хроникада жиі кездесуі де содан шығар.

Талап ТІЛЕГЕН

Қызықтан
қызықтары

ТЕМЕКІМЕН
ЕСЕҢГІРЕТКЕН

Алматыда такси жүргізушісі атын жамылған қарақшылар ұсталды. Олар түнгі клубтарды торуылдап, ішімдікке тойып алған қонақтарды тонауды әдетке айналдырған.



Мас азаматтарға үйіне жеткізіп салуды ұсынады. Жолай темекі де береді. Түгіндеткен жолаушы ұйықтап қалады. Ес-түссіз қалғанда жұрттан таса жерге апарып, бағалы заттарын ұрлап алған. Ал қонағын сол жерге тастап кетуге әдеттенген.

Жедел-іздістелу шараларын жүргізу барысында күдіктілер қолға түсті. Үш жігіт Қылмыстық кодекстің 191-бабы — қарақшылық бойынша айыпталып жатыр.

(Басы 1-бетте)



Зәуреш Аманжолова: Біз қарап отырсақ, өмірде зорлық-зомбылық жоқ секілді көрінеді. Өкінішке қарай, қатыгездік бар. Біз қаншама

көмек керектігін құлаққағыс жасар едік. Өйткені барлығының қорқатыны ертенгі күні тұратын жерінің жоқтығында. Бәрі осы мәселені айтады. Ата-анасының, туыстарының, достарының алдында ешкім де қарабет болғысы келмейді. Біз әйелдердің басына іс түскен кезде жұдырықтай жұмылып, оларға қолғабыс бергеніміз дұрыс. Олар санасын өзгертсін, бойында күш-қуат, сенім пайда болсын!

ата-ана тәрбиесінің орны бөлек. Расында, тәрбиеге қаншалықты көңіл бөліп жүрміз?

Зәуреш Аманжолова: Бұл жағдайда жаза мен қатыгездікті бөле-жара қарау керек. Мысалы, көшеде кетіп бара жатқанда кейбір балалар мінезін байқатады. Жерге домалап жатқанын, болмаса тіл алмай тұрғанын көргенде, кез

жағын көрсету қажет. Шіркін, әр отбасы танертен болмаса кешкілік дастархан басында отырғанда «Бүгінгі күнің қалай өтті, балам? Сен бүгін не үйрендің?» деп сұрағанның айыбы жоқ. Ата-ана баламен күнделікті сөйлесуі тиіс. Өттеген-айы кейбір жағдайда осыған мүмкіндік бола бермейді. Ер адам қызметте, жұмыста жүрсе, ұл-қызына анасы көбірек көңіл бөлуі тиіс. Әйел жұмыста болса, онда отағасы өзінің анасы туралы жақсы лебіздер айтса артық емес. Бәрі бас қосқанда жақсы әңгімелер айтудың артықшылығы жоқ. Балалар өте ақылды,

сезімтал, нәзік. Балаларды жазаламай, жүйкесіне тимей, сүйіспеншілікке бөлеу керек.

Досжан Мұратұлы: Өзіңізде ұл-қыз өсіріп отырсыз. Оларға қол көтеріп көрдіңіз бе?

Зәуреш Аманжолова: Қазақ: «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа болу керек» дейді ғой. Сол айтпақшы, бір мезгіл тыйым да қажет. Алайда тәрбие мен қатыгездікті шатастырмайық.

Досжан Мұратұлы: «Бала — біздің болашағымыз» дейміз. Десек те олар жәбір көруде. Бізде балаларды қорғайтын заң жағы қалай?

Зәуреш Аманжолова: Былтыр депутаттар балалар құқын қорғауға қатысты заң жобасын қарады. Қазір қолданыста. Бірақ мәселенің бәрі адамның миында, санасында.

Досжан Мұратұлы: Заң күшейсе, қатыгездік азаяды деген үміт бар ма?

Зәуреш Аманжолова: Үміт бар. Мен оған сенемін. Себебі адамдар заңды құрметтеуі тиіс.

Зәуреш АМАНЖОЛОВА, Мәжіліс депутаты:

ТӘРБИЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

ананы мысал ретінде айта аламыз. Бала асырап отыр. Өзінің анасынан да артық. Бізге осындай жолды таңдау керек.

Досжан Мұратұлы: Қазір өзге түгілі өз баласын да өзектен тебетіндер баршылық...

Зәуреш Аманжолова: Бұған бір себеп — өмірде жолы болмаған өкініштің күйігін баладан алады. Мүмкін ер-азаматты сүймеген шығар. Иә, болмаса жігіті тастап кетеді. Аяғы ауыр екенін ести салысымен ер-азаматы кетіп қалған. Осының бәрін кейде себеп санайтын әйелдер бар. Содан кейін өш алу балаға ауысуы мүмкін. Әрине, барлық кезде де осындай жағдай қайталану бермейді. Перзентханада қызмет істеген кезде баласын тастайтын аналармен өз басым қаншама рет сөйлестім. Кейде әйелдің психологиясын түсіну өте қиын. Сол кезде «Айналайын, өмірдің бәрі алда. Бұл баланың тағдыры ертен қалай болады? Қазір саған қиын ба, сол қиындықты жеңе біл» дейтініз. Біз қиын сәтте анаға осылай дем беруіміз, қолдауымыз керек. Рас, дәрігерлер айтарын айтады. Бірақ туған-туыс жағынан да үлкен



Досжан Мұратұлы: Барлығы отбасынан басталатынын айтып жатырсыз. Шын мәнінде,



келген кісі ойланып қалады. Мұндайда баланы ұрып-соққанын көрсету керек емес. Жақсы

Тұйткіл

(Басы 1-бетте)

Ертенгі күні жақсы жұмыс табуына осының ықпалы боларына да кәміл сенеді. Біздің жастарға ықыласы ауған елдің бәрі отандық жоғары оқу орындарындағы білім деңгейін өздерімен салыстырады. Әрине, озық тұрғанын сезіп отыр. Сондықтан

толастамайды. Еуропада 10 000-нан астам, Лондонның өзінде 1000-нан аса қыз-жігіт сан түрлі мамандықты игеруде. Бір жағынан, олардың сыртта оқуы дұрыс та шығар. Жер, ел көрсін. Алайда білімнің біз білмейтін астарында көп сыр бар. Көршілеріміз тіл білетін қандастарымыздың қолтығынан демеу арқылы кейбір жекелеген мүмкіндікті пайдалануы әбден мүмкін. Айталық Ресейде оқығандар ертенгі

жұмысқа қабылдамайды. Осы жерде ескеретін нәрсе, сыртқа оқуға барғысы келетіндер белгілі бір компаниялардың жолдамасымен кетсе, келешекте көп жағынан ұтады. Ертенгі күні өзіне де оңай болады. Мәселен, бізде шыны шығару енді-енді дамып келеді. Әзірге негізгі өнім — бөтелке мен банкі. Ал айна, өзге де шыныдан жасалатын бұйым шығару керек қой. Бұл үшін салаға мықты маман керек. Егер осыны ескергендер болса, үлкен бизнеске

ынталы. Осындай мүмкіндікті өте тиімді пайдалануға болады.

Болашақта шетелдік студенттер санын шамамен 40 мыңға дейін жеткізу көзделген. Алдағы 5-6 жылда еліміз айтарлықтай ауқымды білім беру хабына айналады. Бұл үшін ағылшын тілінде сабақ беру, жаңа бағдарламалар дайындау, университеттерге академиялық дербестік беру керек.

Енді өзге елдер мен еліміздегі жоғары оқу

орындары арасындағы оқу ақысы төнірегінде нақты ештеңе айта алмайсыз. Ол тек сұранысқа байланысты. Шетелдерде де осындай жағдай қалыптасқан. Дегенмен, сырттан келетін қыз-жігіттердің назарын аудару мақсатында жеңілдік ұсынатындар бар. Тіпті гранттарды да көбейтуде. Қытай алдағы уақытта 1000 грант бөлгелі отыр. Оқу ақысы теңгемен 400 мың шамасында. Бұл баға өзіміздің аймақтардағы жоғары оқу орындарында да бар. Осыған қарап отырып, біздегі жағдайды нақты айталық. Бүгінде 50 мыңға жуық студент грантта оқып жүр. Елбасының тапсырмасымен бұған 20 мың грант қосылды. Тұрмысы нашар, көпбалалы, оралмандар отбасына және мүгедектерге жеңілдіктер бар. Ал білім және ғылым министрлігі ешкімге де шетелде оқуға шектеу қоя алмайды. Оқимын деген жасқа қайда барамын десе де, жол ашық.

Бүгінде мықты білім ордалары бізде де қалыптасты. Аудиториялары заманауи құралдармен жабдықталған. Жаңа инновация енгізілуде. Жаңа мамандықтар ашылуда. Оқытушылар дамыған елдерде білімін жетілдіріп, халықаралық байланыс

ШЕТЕЛГЕ ШАПҚЫЛАҒАНША...

күні елімізде орыс тілінің тұғырдан таймауына ықпал етеді. Әрі олар өздері білім алған елмен байланысын үзбейді және керісінше нығайтуға

бірден араласа алады.

Тағы бір мысал: соңғы жылдары Қытай жемге сұранысты көбейтті. Өсімдік майын миллион тонна болса да алуға ниет білдірді. Өкініштісі, осы жағынан өндірісіміз дамымаған. Көршімізге астықтан гөрі жем мен сұйық май ауадай қажет. Демек, Қытайда осы салада жеткілікті білім алып, екі жақтың қандай стандарт бойынша жұмыс істейтіндігін зерттеп, болашағы бар бизнеске бет бұруға болады. Білім саласын өзі үшін ғана емес, елімізге қажетті маман болу үшін оқу керектігін құзырлы орындар құлаққағыс жасап отыр. Өйтпеген жағдайда баланың да, оқытқан ата-ананың да еңбегі еш кетуі мүмкін. Айталық, еліміздің қорғаныс министрлігі өз саласы үшін жоғары оқу орындарында 1500 баланы оқытқан. Ал вакансияда керегі 15 адам ғана. Міне, тығырыққа тірелу деген осы.

Енді ішкі жағдайға

Еуропа елдері де біздікілердің ауызын аштырып, көзін жұмдыруда. Әсіресе көрші отырған Қытай мен Ресейдің насихаты керемет. Айталық, Ресей жоғары оқу орындарындағы жалпы студенттердің біраз бөлігі жерлестеріміз. 79 мың қыз-жігіт оқиды. Орыстар сырттан барған студенттерге толық мүмкіндік жасаған. Грант, жатақхана береді, шәкіртақымен қамтамасыз етеді. Болашақта жұмыс беруге де, қаласа азаматтық алуына да көмектеседі. Мұндай мүмкіндікті тиімді пайдаланғысы келетіндер болашақта да азая қоюы екіталай.

заманауи мамандықтарға оқытатындығын, мол біліммен қаруландыратынын айтып, жарнамадан да қаражатын аямауда. Еуропа елдері де біздікілердің ауызын аштырып, көзін жұмдыруда. Әсіресе көрші отырған Қытай мен Ресейдің насихаты керемет. Айталық, Ресей жоғары оқу орындарындағы жалпы студенттердің біраз бөлігі жерлестеріміз. 79 мың қыз-жігіт оқиды. Орыстар сырттан барған студенттерге толық мүмкіндік жасаған. Грант, жатақхана береді, шәкіртақымен қамтамасыз етеді. Болашақта жұмыс беруге де, қаласа азаматтық алуына да көмектеседі. Мұндай мүмкіндікті тиімді пайдаланғысы келетіндер болашақта да азая қоюы екіталай.

Айтпақшы, Ресей Алматы мен Астана секілді дәулетті ортаның жастарын ақылы, алыс қашықтықтан оқыту әдістері арқылы да диплом алуына жол ашып қойды. Ал еліміздің солтүстігі мен батысында тұратын қыз-жігіттерді басқа да мүмкіндіктерімен ынталандыруда. Көршінің көңілі қазақтарда екенін білген екінші көршіміз де білім қақпасын айқара ашты. Қытайдың да соңғы жылдары грантты көбейткеніне қайран қалудан қалдық. Бүгінде Аспан асты елінде 13 мың бала оқып жүр. Корея Республикасында 2000-ға жуық студент бар. Осы екі ел алдағы жылдары грант мөлшерін еселеп арттырмақшы. Демек, ол жакқа да жол тартатындардың қарасы

септігін тигізеді. Дегенмен, саясаттан бұрын бізге басқа нәрсені ойлау керек.

Шетелге бакалаврды оқуға барудың еш қажеті жоқ. Өйткені алғашқы оқу жылдарында атакты ғалымдардың ешқайсысы оларға дәріс бермейді. Тек магистратура мен докторантурада аудиторияға келуі мүмкін. Өткенде осы мәселені тиянақты талқыладық. Екінші мәселе, ол жақта оқып келген жас ертенгі күні мамандығына сай жұмыс, қызмет таба ала ма? Егер ел ішінде өтімді мамандық болмаса, алған білімнің ешкімге керегі жоқ. Машина жасау саласын айталық. Бізде автокөлік шығаратын зауыт жоқ. Тек құрастыратын кәсіпорын бар. Әлгі бала үшін бұл саланың қажеті шамалы. Сондықтан жастарды «Болашақ» бағдарламасы арқылы өте қажетті мамандық алу үшін ғана оқуға жіберген жөн.

Жақында отандық ғалымдар Ұлыбританияда білім алған жастармен жүздестік. Олар жоғары оқу орындарында сабақ бергісі келетіндіктерін айтты. Жастардың шетелде оқығаны, жақсы білім алғаны көрініп тұр. Бірақ біздегі ереже бойынша бакалавр бітіргендер дәріс бере алмайды. Тым болмаса магистратураны бітіруі тиіс. Түлектерді компаниялар да маңайына жолатпайтын көрінеді. Бұған ренжуге болмайды. Себебі олардың өз ережесі, ойлағаны бар. Жас маман құжат талаптарына сай келмесе, әрине,

Дәу көліктен дәурен кетті

ФОТОАЙҒАҚ



Дереккөзі: facebook

үнділіп көрелік. Үндістанда 120 медициналық университет бар екен. Сонда да маман тапшы. Халық саны өте көп. Еуропада оқу қымбатқа түседі. Олар үшін оқуға қолайлы ел — Қазақстан. Әлемнен 20 мыңдай студент келіп оқыса, көпшілігі медицина саласын таңдаған. Үндінің қыз-жігіттері де негізінен дәрігерлікті таңдайды. Шетелдік студенттердің бір бөлігі сырттан келген қандастарымыз. Енді Австралиямен салыстырып көрелік. Оларда шетелден келген 198 мың, бізде — 20 мың студент бар. Сондықтан ақылы бөлімдерге студенттер тартуды жан-жақты ойластырған жөн. Мәселен, Өзбекстанда жылына 630 мың адам мектеп бітіреді. Оқуға қабылдайтын студенттер саны 63 мың ғана. Ауғанстан да жастарын бізге оқуға жіберуге

нығайып келеді. Студенттеріміз әлемдік білім, ғылым бәйгелерінде жүлде алып жүр. Шетелдерден мыңдаған ғалымдар келіп, дәріс береді. Сондықтан шетелде оқуға қыруар қаражат жұмсағанша, өз елімізде тиянақты білім алуға да болады.

Сонымен, киберқауіпсіздік, атом энергетикасы, роботтехникасы секілді аса сирек әрі маңызды мамандықты ғана шетелде оқуға болады. Қазір біз 146 мемлекеттен қарым-қатынас орнаттық. Осы елдермен байланыс тереңдеген сайын мықты маман көбірек қажет. Екіншіден, сыртта жүрген жастардан қорқудың қажеті жоқ. Олар қайда жүрсе де, елдің қауіпсіздігін ойлайды. Көптеген студенттермен жүздесу барысында, олар шетелде қалған күнде де елге қызмет ететіндігін айтады. Инвестиция әкелуге, мамандар жіберуге, құнды ақпарат, тәжірибе алмасуға ықпал етеді. Қытайда жастар негізінен коммерцияда, Кореяда халықаралық бизнес, ақпараттық технологияны оқиды. Көп тіл білетіндіктері өз алдына өнімге. Бәрі де еліміздің келешегі. Шалғайда жүрген қараломалақтардың қауіпсіздігіне ешкім кепілдік бере алмайтыны ғана өкінішті. Сондықтан, ең алдымен әрбір ата-ана баласына алдын ала ақылын айтып, не істеп жүргенін қадағалап отыруы тиіс.

Әңгімені жазып алған Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Көктемгі егіс

Ақмола облысы – өліміздегі астықты өңірдің бірі. Аймақтың бақуатты тіршілік көшуі ең алдымен егіннің түсіміне байланысты. Ілкі заманнан бері «көктемде не ексең, күзде соны орасың» дейтұғын тәмсіл бар. Егетіміз белгілі. Ендігі мәселе – сол дақылды қалай, қай уақытта егеміз, жылдағыдай қайталанатын қолбайлау жоқ па?

алған балалардың қайсысы қай шаруашылықта жұмыс істеп жүргені туралы нақты дерек жоқ. Оны айтасыз, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында шаруашылықтарға қанша механизатор жетіспейтіндігі туралы дерек те жинақталмайды. Демек, жыл сайын қанша механизатор дайындау керектігі де белгісіз.

Биылғы жылы облыс дикандары 4739,5 мың гектар жерге дәнді-дақыл тұқымын сінірмек. Оның 4306,7 мың гектары бұршак тектес дақыл. Негізгісі – астық тұқымы 3606,7 мың гектар жерге себіледі. Майлы дақыл көлемі де жылдан-жылға ұлғайып келеді. Биыл оның аумағы 247,7 мың гектар алқапты құрады.

Сондықтан, уақыттан ұтылмайық деп, жанар-жағармайды базар бағасымен сатып аламыз. Біз үшін қымбатқа түседі. Әсіресе шағын шаруа қожалықтары шығынға батып отыр.

Екінші бір мәселе – техниканың тозып кеткені. Ауыл шаруашылығы басқармасындағы мамандардың уәжіне қарағанда, соңғы бекітілген ережеге сәйкес 17 жылдан астам жұмыс істеген техника ғана ескірген санатқа жатады. Ал одан арғысы амалсыздан қанқасын сүйретіп жүрген техника. Қаусаған техника – қауқарсыз шағын шаруаның қолында. Ірі ауыл шаруашылығы құрылымдары машина, техника паркін ептеп жаңартқанымен,



ШАРУАНЫҢ ШЫҒЫНЫ КӨП

Айтқандайын осы кешігудің де зардабы аз емес. Кеш егілген тұқым пісіп-жетілгенше, Арканың қара жауыны басталады. Жыл сайын ақ қар, көк мұзда, егінді жинап болдык деген ақпарат берілгеннен кейін де алқапта апталап бидай орып жүрген комбайндарды көз көрген. Биыл көктемгі егістің уақытылы басталып, мерзімінде аяқталарына тағы да күдік көп.

Биыл көктем ерте келді. Облыс бойынша жанар-жағармайдың 63,4 пайызы ғана жеткізілген. Қолда бар техниканың жартысынан астамы қаусап тұр. Мамандардың айтуына қарағанда, көктемгі дала жұмыстары жылдағыдан бір жұма немесе он күн бұрын басталуы мүмкін. Одан әрі созса, алқаптағы топырақ кеуіп, ылғал азаяды. Қазір жұрт топырақтың жылынуын ғана күтіп отыр. Шамадан тыс ылғал кезінде егу де қауіпті. Өйткені, тұқым шіріп кетуі мүмкін. Ал кешіксе, өңделмеген алқапта қарасора бой көтереді. Сондықтан агротехникалық шараларды табиғаттың қас-қабағын бағып отырып, уақытылы өткізген жөн.

Облыстық ауыл шаруашылығы басшыларының айтуына қарағанда, көктемгі егіс мамыр айының алғашқы күндері басталады. Бірақ дайындық мез емес. Біріншіден, қауырт шакта іс тетігін шешетін механизатор жетіспейді. Әншейінде, жеткілікті көңіл бөліне бермейтін маман тапшылығын Арқадағы ақық дәнді аялаған қожалық басшылары көктемде бір, күзде бір сезінеді. Қалған уақытта механизатордың ешкімге қажеті жоқ. Алақандай ауылда олар істейтін табыс табатын жұмыс та жоқ. Сондықтан мұқым ел кәдімгі тракторшыға жарымай отыр.

Кәсіптік-техникалық колледждерде механизатор мамандықтары бойынша кадр даярланады. Біріншіден, оларда материалдық-техникалық база әлсіз. Мәселен, Көкшетау қаласының іргесіндегі Краснояр ауылындағы №1 кәсіптік-техникалық колледжде атам заманғы комбайн, трактор түрлері оқытылады. Ал облыстың егіс алқаптарында мұндай техникалар жоқ. Сонда көнерген техниканы оқыған жас маман қалай жұмыс істемек? Екіншіден, облыстық кәсіптік-техникалық білім бөлімінде колледжде оқып, білім

Көктемгі егіске қажетті 521,4 мың тонна тұқым 100 пайыз дайын. Алдын ала қоймаға құйылған тұқымның 80,2 пайызына сараптама жасалып, 304,0 мың тоннасы тексерілген. Тексерілген тұқымның өңгіштік қасиеті жоғары. 242,5 мың тоннасы бірінші класты тұқым, қалғаны екінші класты тұқымға жатады. Облыстағы аттестатталған тұқым шаруашылығында 66,5 мың тонна жоғары өңгіштік деңгейдегі тұқым қоры бар. Қысқа қайырып айтқанда, облыс тұқымға зәру емес. Зәрулігі көктемгі дала жұмыстарына қажетті жанар-жағармайда болғалы тұр. Мәселен, аймақтағы барлық шаруашылықтарда науқанды



ойдағыдай өткізу үшін 73662 мың тонна жанар-жағармай қажет болса, оның 65 000 мың тоннасы кепілдендірілген, арзан бағамен босатылатын. 29031 мың тоннасы жеткізілген. Шаруашылықтар көктемгі егіс мерзімі тақап қалса да, жанар-жағармаймен 48 пайыз ғана қамтамасыз етілген. Бұл облыстағы барлық алқаптың жартысын ғана қамтиды. Ертең қым-қуыт науқан басталып кеткенде, әсіресе бірді бірге эзер жалғап отырған шағын шаруа қожалықтары қажетті жанар-жағармайды қайдан алмақ?..

— Жыл сайын мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағармай бөлінеді, — дейді Аккөл ауданындағы шаруа қожалығының жетекшісі Әнуар Смайылов. — Шынын айтқанда, көп көмек. Бірақ жұмысты дұрыс ұйымдастырмаудың салдарынан кеш келеді. Ал ырғалып-жырғалып жүргенімізді даладағы ахуал тосып тұрмайды ғой.

сүрінгендіктен, жыл сайын көктемгі егіс кеш аяқталады. Ел егін егіп болғанша, арамыш те бас көтермек. Агротехникалық шараларды уақытылы өткізуге де мүмкіндік азаяды. Көктемгі егіс науқаны кешіккендерді кешірмейді. Кеш егілген егін ылғалға жарымай, бүрісіп қалады. Басталуы да кешеуілдейді. Тозған техникамен тәуекелді серік етіп тырбанған дикан қауым піскен егінді уақытында жинай алмай, күздің қара жаңбырына қалып жатса, оның барлығы көктемгі егістің кешеуілдеуімен сабақтас.

Көктемнің бір күні жылға азық екені белгілі. Сондықтан, енді қалған уақытта жіті қимылдап, дикан қауым етек-жеңін жинаса жақсы. Барлық мәселе жеңілдетілген жанар-жағармайды уақытылы жеткізумен байланысты.

Байкен КӨБЕЕВ

Жасыл экономика

КҮННЕН ҚҰАТ АЛАДЫ

Осы аптада Қарағанды облысындағы Гүлшат көтінде күн электр стансасы ашылды. Құрылысы өткен жылғы 7 маусымда басталған нысанды салуға 46 млн доллар жұмсалды. Жобаға шетел инвесторы Risen Energy Co.Ltd. қаржысы тартылды. Сондай-ақ Еуразия қайта құру және даму банкінен ұзақ мерзімді несиес алынды.



104 гектар аумақтағы «Гүлшат» күн стансасында 122 960 Risen Energy күн модулі, 530 Huawei инверторы, 11 ТВЕА трансформаторы орнатылды. Сонымен қатар 110/35 кВ қосалқы шағын станса жұмыс істейді. Жыл сайын мұнда 58 млн кВт/с электр қуаты өндіріледі. Бұл Балқаш сияқты бес қаланы электр қуатымен қамтамасыз етуге жетеді.

Айта кету керек, елімізде табиғи қуат көзі нысанын салу барысында тұнғыш рет отандық Hi-Tech Qazaqstan құрылыс компаниясы тартылды. Құрылыс кезінде 300-ден астам жұмыс орны құрылды. Ал іске қосылған соң мұнда 30 адам жұмыспен қамтылады.

Бұл — осы өңірдегі екінші күн электр стансасы. Алғашқысы үстіміздегі жылдың қаңтарында Сарань қаласында іске қосылды. Оның қуаты - 100 МВт. Ол Орталық Азиядағы ең ірі күн стансасының бірі саналады.

(өзі тілшіміз)

Infographic



Дереккөзі: ҚР Ұлттық банкі

құраушы қазақ ұлтының манайына этнос өкілдерін шоғырландырып, өзара сыйластық пен ішкі бірлікті бекемдеуге бағытталатын болады.

ассамблеясы ғимаратында депортация жылдары Қазақстанға қоныс аударған этностар туралы «Тағдыр тоғыстырған» атты кітап, фото, тарихи құжаттар



Jas qazaq: Биыл Шымкентте 1 наурыз айрықша ұйымдастырылды. Әрине, мұндағы межелендеріңіз ән салып, би билеу емес екенін қалың бұқара ұғынды. Дегенмен, Алғыс айту күніне орай апталық ұйымдастыру арқылы нені көзделіңіздер?

Мұратәлі Қалмұратов: Жалпыхалықтық сипатқа ие болып, ұлтымыздың байырғы меймандостық, кенпейілділік қасиеттерін паш ететін бұл мереке жаңа мәртебеге ие болған Шымкент қаласында биыл ерекше ұйымдастырылды. Қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясының бастамасымен жаңа сипатта өткізілген мазмұнды іс-шаралар 22 ақпаннан басталып, 1 наурызға дейін 8 күн бойы жалғасты.

Мерекені жер-жерлерде ұйымдастыру мен өткізуін арнайы тұжырымдамасы әзірленіп, әр күнге тұрғындарды берекелі бірлікке үндейтін айрықша атау берілді. Іс-шаралар ауқымы мен оның аудиториясы мақсатқа сай белгіленді.

«Сыбаға» үлестіруден *(қайырымдылықтан)* басталған атаулы

көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылар, студенттер, жалпы жастар өкілдері қатысып, елімізге күштеп қоныс аударылған этностардың бастан кешкендерін, мұнда жергілікті халық тарапынан қандай қолдауға ие болғандығы жөнінде деректермен танысты.

Ал 27 ақпан — «Ықылас күні» саяси депортация қасіретін бастан өткізген этнос өкілдерінің бүгінгі буыны, қиын-қыстау жылдары пана берген, қолдау білдірген қазақ отбасыларының бүгінгі ұрпағымен кездесті. 28 ақпан — «Ұрпақтар сабақтастығы» атауын иеленіп, бұл күні қаладағы білім беру мекемелерінде «Қазақ еліне мың алғыс!» тақырыбында бірінғай ашық сабақ өткізілді.

Апталық 1 наурыз — Алғыс айту күнімен қорытындыланып, қаладағы «Қазақ еліне мың алғыс!» монументіне қалалық этномәдени бірлестіктердің төрағалары гүл шоқтарын қойды. Қала әкімінің қатысуымен салтанатты жиын өткізіліп, Қазақстан Халқы ассамблеясына мүше болған азаматтарға куәліктер табысталды.

Jas qazaq: Биыл алға қойған негізгі межелеріңіз қандай? Осы туралы екі ауыз айтсаңыз...

Мұратәлі Қалмұратов: Жалпы, 2019 жылы түрлі бағыттар бойынша 31 іс-шара жоспары қабылданды. Оның 16-сы мекемелермен, ұйымдармен, 15-і этномәдени бірлестіктермен келісіліп, бекітілді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті жанынан Қазақстан Халқы ассамблеясы кафедраларымен байланыс орнатылып, қаладағы 29 колледж жанынан «Достық» клубтары құрылуда.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты тиісті органдардың жұмыс жоспарлары қайта нақтыланып, ассамблеяның міндеттеріне сай бағытталды. Барлық бағыттағы жұмыс жоспарына ассамблея хатшылығы тарапынан жауапты азаматтар бекітіліп, тапсырманың орындалуы бақылауға алынған.

Этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен өкілдеріне арналған мемлекеттік тілді оқыту курстарын аштық. Қазіргі таңда қаладағы ассамблея ғимаратында этнос өкілдері аптасына екі рет мемлекеттік тілді оқып-үйренуде.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы филиалымен бірлесе жастардың стартап жобаларын іздестіру, тұрғындарды бизнес бастамаларға баулуға шеберлік дәрістерін тұрақты түрде өткізу қолға алынды.

Сәуірден бастап, этнос өкілдері жинақы тұратын шағын аудандар мен тұрғын алаптарында түсіндіру жұмыстарын бастадық. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Этнос өкілдері мен ассамблея жанындағы құрылым мүшелерінің қатысуымен «Қайырымдылық керуені» *(жыл бойы ай сайын)*, «Абай оқулары», «Қайырымдылық — қайырлы іс», «Үздік қоғамдық келісім кеңесі», «Жастар шақырады», «Ұлы дала елі — қасиетті мұра» жобалары сынды бастамаларға баулуға үтімды іске асыру жоспарлануда.

Қаладағы этносаралық ахуалды сараптау да күн тәртібінде тұр. Этнос өкілдері жинақы тұратын аудандарда, шағын аудандарда девантты мінез-құлықты жастармен жұмыс жүргізілмек. Бұл шараларға этностардың белсенді жас буынын жұмылдыру көзделген.

Жалпы, Шымкент қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясының атқарған жұмыстары мен алдағы бағыттары осындай. Алда әлі талай ауқымды міндеттер тұр. Ел бірлігін арттыру, қоғам тұрақтылығын сақтау сынды мақсаттарға қол жеткізуде енді ғана құрылып, аяғына тұрып келе жатқан Шымкент қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясының әлеуеті зор деп білемін.

Жоспарымыздың жүйелі, жұмысымыздың нәтижелі болуына бел шеше кірісіп, толымды табыстарға қол жеткіземіз дегім келеді.

— **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан
Галия ҚҰРМАН

Еліміздің оңтүстігі нағыз көпұлтты аймақ болып саналады. Әсіресе Түркістан облысы қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңір. Бұл жақта ұлттар достығының шынайы салтанат құруы – халықтардың арасындағы достық, бөреке мен бірліктің нәтижесі. Географиясы да, демографиясы да ерекше жердің жемісін теріп, адал еңбегімен ел дамуына үлес қосып отырған тұрғындар болашаққа зор сеніммен қарайды. Оларды ұлы мақсатқа ұйыстырып, татулықтың тамаша жолын көрсетіп отырған Шымкент қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясының қызметі ерекше. Осы орайда ассамблея кеңесінің мүшесі, хатшылық меңгерушісі Мұратәлі Қалмұратовпен Jas qazaq тілшісі сұхбаттасқан еді.



Jas qazaq: Мұратәлі Оразалыұлы, өткен жылы құрылған Шымкент

қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясы бүгінге дейін қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясат аясында қандай жұмыс жүргізді? Осы туралы қысқаша айтып өтсеңіз.

Мұратәлі Қалмұратов: Елбасының өткен жылы маусымдағы тарихи Жарлығынан кейін шілде айында республикалық деңгейдегі қалалардың санатына қосылған Шымкентте қала әкімі аппараты жанынан құрылымдық бөлім ретінде ассамблея хатшылығы жұмысын бастады. Бір сөзбен түйіндегенде, біздің негізгі мақсатымыз — жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты қала аумағында мақсатты іске асыру. Сондықтан жұмысты жүйелеу үшін алдымен, этномәдени бірлестіктердің құжаттарын реттеп, оны әділет органдарына тіркетіп, қалалық ассамблея қатарына енгіздік. Нәтижесінде бұрын облыстық деңгейде әрекет еткен 20 этномәдени бірлестіктің 16-сы қалалық бірлестік ретінде қайта тіркелді.

Қалалық ассамблеяның жұмысын қамтамасыз ететін «Қоғамдық келісім» мекемесі тамыз айында құрылып, жұмысқа кірісті. Жалпы, өткен жылы құқықтық-құрылымдық, ұйымдастыру, мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу бағытында бірқатар жобаларды іске асырдық.

Қала әкімі аппараты жанынан құрылған мекеме Шымкент қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету бағытында тиісті мемлекеттік мекемелермен, салалық органдармен, этномәдени бірлестіктермен, ұйымдармен және БАҚ өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеуде.

Өткен жылы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға бюджеттен қаржы қаралмаса да, этномәдени бірлестіктер мен ассамблея жанындағы қоғамдық құрылымдардың әлеуетімен бірқатар маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Қазақстандағы Өзбекстан жылы аясында халықаралық «Қазақстан палауы» фестивалі және жастар бірігіп «Жастар — жаңғырудың жаршысы» лекторий, «PRодвигай себя», «Рухани келісімнің қазақстандық үлгісі» семинар-тренингтері мен «Бәріміз бірдейміз — кемсітуді білмейміз», «Мен қазақша сөйлеймін» акциялары өтті.

Қазақстан Халқы ассамблеясының төрағасы бастамаларын іске асыру үшін «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалымен, жастар тәрбиесі мен отбасылық құндылықтарды ілгерілету үшін қалалық салалық басқармалармен, жоғары оқу орындарымен әріптестік меморандум түзілді.

Сондай-ақ этнос өкілдері жинақы тұратын тұрғын алаптарында ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жүйелеу және этносаралық кикілжіңдердің алдын алу мақсатында тиісті құрылымдармен бірлескен іс-шара жоспары қабылданды. Этносаралық ахуалды талдау және Шымкент қаласының этнокартасын әзірлеу үшін тиісті мемлекеттік органдармен, аудан әкімдіктерімен ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар атқарылды.

Шымкент қаласының әкімі, қалалық ҚХА төрағасы Ғ.Әбдірахымовтың жетекшілігімен өткен қалалық ассамблея кеңесінің отырысында Қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, Медиация кеңесі, ғылыми-сарапшылық топ, журналистер мен блогерлер клубы, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы, ақпараттық-түсіндіру тобы мен «Қазақтану» жобасын іске асыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы жасақталып, аталған құрылымдардың ережелері және 2019 жылға арналған жұмыс

жоспарлары бекітілді. Жыл басынан бері жоғарыда аталған бағыттарда жұмыстар жүргізілуде.

Jas qazaq: Жаңа өзіңіз айтқан Қазақстан Халқы ассамблеясының «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы туралы ұсынысты ассамблеяның XXVI сессиясында Шымкент қаласынан қатысқан делегат айтқан еді. Осы жоба бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде?

Мұратәлі Қалмұратов: «Қазақтану» жобасы қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарының біріктіруші әлеуетін Қазақстан халқының қоғамдық санасына сіңіруге бағытталған.

Жоба Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында Қазақстан халқын топтастырушы ортақ құндылықтарды қалыптастыру міндетін көздейді. Ол жалпыға ортақ құндылықтар ретінде қазақ халқының ұлттық тарихын, мәдениетін, философиясын, этикасын белгілеп, олардың біртұтас Қазақстан халқы арасында танымалдылығын арттыруды мақсат тұтады.

Жобаны қала аумағында іске асыруда қалалық ассамблея жанынан құрамына ғалымдар, қоғам белсенділері, өлкетанушылар, мәдениет қайраткерлері, мемлекеттік орган өкілдері, белсенді жастар кіретін жұмысшы тобы құрылып, қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарының біріктіруші әлеуетін қоғамдық санаға сіңірудің бірінғай жүйесін әзірледі.

Жобаның тұжырымдамасы мен іс-шаралар жоспары түзіліп, салалық мекемелер мен оқу орындарына таратылды. Бұл жоба ғылыми және шығармашыл зиялы



қауым, жастар, этностық топтар өкілдері арасында жағымды қоғамдық көзқарас қалыптастырып, кен қолдауға ие болды.

Кешенді іс-шаралар тізбегіне сай биыл Шымкентте наурыз мерекесі ерекше аталып өтті. Қала көшелерін ұлттық нақышта көмкерілген «Наурыз керуені» аралап, тұрғындар мен қонақтарға ұлттық ерекшелігімізді паш еттік. Наурызды өзге қырынан дәріптеп, санамызды ояттық. Алдағы кезендерде кітапханаларда қазақ тарихының айтулы күндеріне арналған «Күнтізбені парактағанда» тақырыбында көрме ұйымдастыру, жас буын өкілдерін ұлттық колөнерге баулу, «Қуатты елдің қуатты азаматтары» жобасын іске асыру сынды іс-шаралар өткізіледі. Осы жоба аясында ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр туралы кітапша әзірлеуді жоспарлап отырмыз.

Биыл «Қазақтану» жобасы негізінде «Берекелі Шымкент», «Қазақ дастарханы», «Ұлттық домбыраны сыйға тарту», «Тілге құрмет — елге құрмет» жобалары іске асады. Мұндағы басты мақсат — мемлекет

күндер «Тазалық», «Көршіге ізет», «Ұстазға құрмет», «Тарихқа тағзым», «Ықылас», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Алғыс айту» күндерімен үйлесімді үндесті.

Әр күні тақырыпқа сай қала аумағында қоғамдық келісім мен ынтымаққа бастайтын іс-шаралар өтті. Апталық аясында ұйымдастырылатын іс-шараларға қалалық ассамблея жанындағы құрылымдарының мүшелері мен белсенді өкілдері жүйелі жұмылдырылды.

«Ынтымақ болмай, іс онбас», «Татулық — табылмайтын байлық» дейді дана халқымыз. Сондықтан бұл бағыттағы мақсатты жұмыстар тұрақты жалғасатын болады.

Жылы сөзді жарым ырысқа балайтын жұртымыздың дара қасиетін ескере отырып, біз айтулы әрбір күні тарихты түгендеу, дәстүрді даралау арқылы елді біріктіруге үндедік. Өткенге құрмет арқылы болашақты бекемдеуге ұмтылдық. Этностар арасында өзара түсіністік пен сыйластықты арттырдық. Мәселен, 22 ақпан — «Қайырымдылық күні» Қазақстан Халқы ассамблеясының қайырымдылық керуені шеңберінде «Сыбаға» іс-шарасын өткізіп, ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғыртып, 40 азаматқа, оның ішінде қадірлі қарияларға, абзал аналарға, жас отау иелеріне құрмет көрсеттік.

Мұндай шаралар қаланың барлық аудандарында, тұрғын алаптарында ұйымдастырылып, қазактың игі дәстүрі елді топтастыруға қызмет етті.

«Көршіге ізет күні» Сайрам тұрғын алабында өзбек этномәдени бірлестігі көршілес Шапырашты, Өтеміс, Қызылсу, Тассай, Мәртөбе, Тоғыс, Бадам, Қарабастау тұрғын алаптарының абзал қарияларын, абыройлы азаматтарын сыйлы қонақ ретінде шақырып, көршіге ізет көрсетті. Мақсат — ас ішіп, табақ босату емес, елді берекелі бірлік пен ырысты ынтымаққа жетелейтін бұл іс-шара көршілер арасында өзара түсіністік пен құрметті қалыптастыруды көздеді.

26 ақпан — «Тарихқа тағзым күні» болып белгіленіп, Қазақстан Халқы

ИГІ ДӘСТҮР ЕЛДІ ТОПТАСТЫРАДЫ



Алматы облысы көпұлтты, көпдінді аймақ. Бірақ осыған дейін өңірде елдің мзасын кетірген бірде-бір діни қайшылық немесе ұлттар арасындағы араздық көрініс берген жоқ. Оның сан түрлі себебі бар. Ең бастысы – облыс басшысынан тартып, дін саласының қызметкерлері, жалпы бұқараның нәзік құбылысқа барынша мән беретіндігінде. Айта көтерлігі, аймақта жыл сайын діни тұрақтылықты сақтау, жастардың жат ағымдардың алдауына түсіп қалмауға қатысты түрлі шара ұйымдастырылады. Дәстүрлі бастама биыл да өз деңгейінде атқарылды. Ендеше, осы рөтте солардың басты-бастысын баяндап шығайық.

ЖЕКЕ-ДАРА, ЖЕТПІС ШАРА

Облыс әкімі Амандық Баталов Талдықорғандағы Достық үйінде өткен «Жетісу – достық өлкесі» атты кездесуде аймақтағы ынтымақтың, татулықтың, ырыс-құт, бак-берекенің бастауында тұрған ұлтаралық келісімді берік ұстану қажеттігін тілге тиек етті. Жиында Амандық Ғаббасұлы былтыр этномәдени бірлестіктер ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға арналған 70-тен астам шара өткізгеніне тоқталды. Сонымен қатар барлық аудан мен ауылдық округтерде жұмыс істеп жатқан Аналар кеңесі мен Қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысына жоғары баға берді. Сондай-ақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында және «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи-танымдық мақаласында дін саласына қарата айтылған міндеттер мен тапсырмаларды орындау үшін көптеген жұмыс атқару керектігі айтылды.

Одан соң сөз алған «Ұлағат» аксақалдар кеңесінің құрметті мүшесі Светлана Гаитова, «Шымыр» ЖШС-нің директоры, Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты Руслан Валишанов, орыс орталығы төрағасының орынбасары Лариса Котельникова, Аналар кеңесінің мүшесі Ғалия Ақбасова татулық пен ынтымақтың туы аскақтай беруін тіледі.

Жиын соңында тыныштық пен бейбітшілікті насихаттаған Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері мен сала қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық ассамблея жанындағы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен берілген «Бірлік» алтын медалін аймақ басшысы А.Баталовтың өңіріне қадады.

Қоғамның жегіқұртына айналған сыбайлас жемқорлықты болдырмау —баршаға ортақ міндет. Сондықтан да Жетісу жеріндегі



барлық діни бірлестік өз уағыз-насихатында паракорлықтын зияны мен зардабын түсіндіруі тиіс. Мұндай пікір облыс орталығындағы Тіл сарайында өткен жиында айтылды.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті ұйымдастырған жиынға өңірдегі барлық діни бірлестік өкілдері, облыстық дін істері басқармасының мамандары, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты мешіт имамдары қатысып, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған жемқорлықты болдырмаудың жолын қарастырды. Алкалы жиында ашқан Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы Серікбай Нұрғисаев: «Біз тәуелсіздік алғалы бері еңселі мемлекет құру бағытында айтарлықтай қадам жасадық. Рухани құндылықтар мен адамгершілік — барлық өзгерістердің негізіне айналды. Еліміздің экономикалық және саяси дамуын қамтамасыз ету үшін әр азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті жоғары болуы тиіс. Ол мәдениетті қалыптастыру идеясы 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда көзделген», — деді.

Оның айтуынша, еліміздегі барлық қоғамдық бірлестіктер сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы тиіс. Ол үшін паракорлыққа қарсы ағартушылық жұмыстар, уағыз-насихат жүргізіліп, сыбайластыққа, жемқорлыққа қарсылық жалпықоғамдық сипат алуы тиіс. Сонда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз. Өз сөзінде

паракорлықтың шариғаттағы үкімі харам екенін атап өткен Серікбай Өрікбайұлы ислам діні адалдыққа, адал қадамға сүйенетінін алға тартты. Сондай-ақ Құранның Бақара

сүресінің 188-аятын мысалға келтіріп, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) пара берушіні де, алушыны да лағынеттегеніне тоқталды. Бұдан соң Жетісу жерінде сыбайлас жемқорлықты жою бағытында қолға алынып жатқан іс-шаралармен таныстырып, қоғамның барлық саласына сыналап кіріп кеткен паракорлықтың зиянын тілге тиек етті.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов өңірдегі діни ұйымдар туралы мәліметпен таныстырды. Баяндамашының пікіріне қарағанда, сыбайлас жемқорлықты болдырмау бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Яғни өскелең ұрпақтың бойына паракорлыққа



ТАТУЛЫҚ – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

қарсы тұратын мәдениетті қалыптастыру керек. Оған облыс аумағында тіркелген 619 діни бірлестік пен филиалдың, онда қызмет атқаратын 556 имам-ұстаз бен 305 христиан діндарлары үлес қоса алады. Басқарма басшысы осы бағытта көптеген жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді.

Облыстық дін істері басқармасына қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өңірдегі діни бірлестік жетекшілер клубының кезекті отырысын өткізіп, дінаралық қарым-қатынасты нығайтудың тетіктерін қарастырды. «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт: Дін. Дәуір. Дәстүр» атты жиынға шақырылғандар алдымен, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына арналған көрмені тамашалады. «Дін мен дәстүр» атты арнайы бейнефильмді көрді.

Алкалы жиында аймақтағы дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов еліміздегі береке-бірліктің бастауында жергілікті халықтың ауызбіршілігі, ынтымағы, жанашырлығы жатқанын атап өтіп, кеңестік идеологияның қуғындауымен Ұлы далаға айдалған ұлттар мен ұлыстарға құшағын ашқан қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің өміршендігін тілге тиек етті. Одан кейін облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Қаратас, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы Сәуле Сұрабалдинова, «Жетісу» телеарнасының бас продюсері Жұмахмет Жайлаубаев, «Жетісу» мешітінің бас имамы Мұхамед Ордабай, Иоанн Богослов шіркеуінің иеромонахы Александр Матлашов, Қасиетті Мария рим-католик шіркеуінің бас викарии Юлиан Манковски кезекпен сөз алды.

Адамзатқа ортақ құндылықтар көптігін, солар арқылы халықтар мен ұлттар арасындағы мәдениеттің қалыптасқанын айтушылардың

ойы бір арнаға тоғысты. Халқымыздың ұлттық мерекесі — бейбітшіліктің, ынтымақтың, береке-бірліктің бастауына айналуы керектігін сөз етті.

Жиын соңында қонақтар Тіл сарайы ғимаратының ауласына қошет отырғызып, Жетісу жеріндегі тыныштықтың, тұрақтылықтың, бейбітшіліктің белгісіне айналсын деген тілектерін жеткізді.

Клуб отырысына қатысушылар жергілікті өнерпаздар дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалап, қымыз, шұбат, құрт-ірімшік, наурызкөже секілді ұлттық тағамдар қойылған дастарханнан дәт татты.

Орталық «Иман» мешітінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған өкілдігіне қарасты өңірлік 180 мешіттің 226 діни қызметкері аттестациядан өтті. Осыған орай, өңірге Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі Алау Әділбаев арнайы келіп, дін мамандарының білім деңгейін анықтады. Сондай-ақ сынаққа діни басқарманың пәтуа бөлімінің менгерушісі Сансызбай Шокан, дін істері және сараптама бөлімінің басшысы Нұрбек Есмағанбетов, діни

«Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бұйрығын алмаған адам діни рәсімдерді өткізуге хакысы жоқ. Заң аясында да уағыз жүргізуіне шектеу қойылады. Осы сынақтан өткендерге арнайы бұйрық шығарамыз. Аттестаттау 3 күнге созылады», — дей келе, қажылық маусымынан түскен қаражаттан 100 имамға қаржы бөлінгенін жеткізді. Соның ішінде Талдықорған қаласынан 8 имам 50 000 теңгеден айлық алып отыр.

Қай кезенді алып қарасаң да, қоғамның қозғаушы күші жастар екендігі белгілі. Демек, бүгініміз де, ертегіміз де, болашақ та жастардың қолында. Олардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін және патриоттық сезімін қалыптастырып, ұлтжандыққа тәрбиелеп, салт-дәстүрді, рухани құндылықты бойына сіңіру — бүгінгі күннің басты мақсаты. Осыған орай Жастар жылы аясында облыстық дін істері, жастар саясаты басқармасы және білім басқармасының ұйымдастыруымен Жетісу жеріндегі жоғары оқу орындары мен кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттері арасында кешенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бастау алды.

Жоспар аясындағы алғашқы кездесу Ақсу өзеніндегі ағынды да арынды Ілияс Жансүгіровтің, аққу қанат ақын қыз Сара Тастанбекқызының туған жері Ақсу ауданынан басталып, Қапал кәсіптік-техникалық колледжінде «Дін мен дәстүр егіз ұғым» атты келеді кездесуге ұласты. Облыстық басқарманың дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының директоры Н.Әдетбеков, орталықтың дінтанушы маманы М.Мұхамет, жастарға қызмет көрсету орталығының маманы Е.Қайролдаев, діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оналту орталығының дінтанушы маманы Н.Үсіпбек жат ағымның жетегіне кеткен жастардың түзу жолға салу діни сауаттылық пен ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең білу екенін әңгімелеп, жынға қатысушы жастардың көкейтесті сауалына жауап берді. Кездесу барысында «Мұны білгеніңіз жөн!» деген тақырыппен сурет көрмесі ұйымдастырылып, ақпараттық парақшалар

таратылды. Одан бөлек, бір бағыт бойынша Ақсу политехникалық, Сарқан политехникалық және гуманитарлық, Алакөл гуманитарлық-техникалық және Токжайлау политехникалық колледжінің студенттерімен кездесу ұйымдастырылып, сауалнама жүргізілді.

Биылғы сәуір айынан басталған шара қараша айына дейін облыс аумағында орналасқан 2 университет, 1 академия, 59 колледжде жалғасын табады.

ТҮЙІН:

Дін — адамның дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға, қоғам мүшелерін құрметтеп, айналаға мейіріммен қарауға, бейбіт өмірді қамтамасыз етуге, татулық пен тыныштыққа қызмет етіп қана қоймай, адамның жандүниесін иман нұрымен нұрландырып, көркем мінез бен сабырды серік етуге жетелейтін бірден-бір ілім.

Қоғамның ең басты байлығы — адам болғандықтан, адамға тура жол көрсетіп, ақ пен қараны ажыратуда діннің алар орны ерекше. Жоғарыда айтылған мәселелер осы жылдың төрт айында өңірде өткен елеулі шаралардың қорытындысы десек те болады. Әрине, еліміздің басты байлығы — тыныштық, тұрақтылық, бейбітшілік екендігі белгілі. Осындай негізгі құндылықты сақтау жолында береке-бірліктің бастауын түсіндіру, ұғындыру жұмыстары аса қажет. Көпшілік осының сырын білгенде ғана мемлекеттің тұрақты дамуын жеделдетуге болады.

Шүкір делік, бүгінгі күні дін арқылы дәстүрлі сенім-наным қалпына келуде. Жүзіміз құбылаға,



шығады», — деп шарттарды таныстырды. Оның айтуынша, имамдарға сынақтан өтетіндіктері бір ай бұрын хабарланып, сұрақтар берілген. Енді соған сәйкес біліктілікті арттыру шарасы орындалуда.

Өңірлік өкіл имам Ардақ Нүсіпханұлының сөзіне қарағанда, аттестаттауға Талдықорған аумағынан қатысқан 226 адамның 198-і бас мүфтидің бұйрығында болса, қалған 28-і жанадан бұйрық алу үшін тапсырған. Ол:

ниетіміз имандылыққа, парасаттылыққа бұрылуда. Әркім өз бағытын айқындауы тиіс. Сондықтан мемлекетімізде тыйым салынған діни ағымдардың жолымен жүрмей, жат көзқарастың жетегіне ермей, көшіміздің керуенін ата-баба дәстүріне ықпал еткен имандылыққа бет түзегеніміз жөн.

Қажет АНДАС, Алматы облысы бойынша меншікті тілімі

Ежелгі адамдардың алғашқы қонысы Африка болса, алғашқы өркениет ошағы – Шумер мемлекеті. Ең алғашқы дегеннің барлығы – мемлекеттік құрылым, жазу-сызу, білім-ғылым, мәдениет-өнер Шумерде бастау алып, өркендеген. Осы жерде ең ерекше жағдай Шумер мемлекетін құрғандардың этникалық, олардың жазу-сызуының тілдік негізі, наным-сенімінің түбірі, Батыстық зерттеулер үшін әлі күнге құпия. Сірә да шумерлік «баба тарихы» өзінің мұрагері болып табылатын ұрпағына өкпелеп, құпиясын соған сақтап, тарихтың қойнауында тығып отырған болар. Іздеушісі, жоқтаушысы болмаған соң, солай етпеске амалы бар ма?

Біздің мақсатымыз – көзі қарақты зерттеушілер үшін ойтүрткі болсын деп, Шумерлер тарихының тұңдәлігін түруге тырысу.

Евфрат шумерлер Буранун деп атаған (*Дала деген мағына беретін*) жазығына алғаш егіншілер шамамен б.д.д. 7000 жылы қоныстана бастаған. Ағашы, тау-тасы жоқ жазықты қамыс-қоғаның көптігіне орай, олар «Қамыс-ши иелігіндегі жер» деп атаған. Шамамен б.д.д. 3500 жылы Қосөзеннің онтүстігінде шумерлер пайда болды. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, олар Евфрат жазығына солтүстік-шығыстан түскен және олардың тілі айналасындағылардың ешбіріне ұқсамайтын.

Шумер – түркі тілінің байланыстары туралы 1947 жылдан бастап талмай зерттеу жүргізген түрік ғалымы Осман Недим Тун болды. Ол халықаралық конгрестерде баяндама жасап, көптеген маманның ақылына жүгініп, тек 1990 жылдан кейін ғана шумер-түркі тілінің байланысына арқа сүйей отырып, түркі тілінің жасын анықтауға арналған еңбегін жарыққа шығарды. Бұл кітапта О.Тун көне түркі тілімен түбірлес 168 шумер сөзіне тарихи-салыстырмалық зерттеу жүргізіп, екі тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшелігін талдаған. Нәтижесінде ғалым шумер және түркі тілінің генетикалық туыстығы бар деуге дәлелдердің аздығын алға тарта отырып, осыған дейін табылған материал екі тілдің бір-біріне өте қатты ықпал етіп отырғанын атап өтеді.

Шумер атауының шығу тегіне көп көңіл аударған – Олжас Сүлейменов. Ол өзіне дейінгілердің талдауындағы кеткен олқылықтарды келтіре отырып, шумерлер жазуындағы таңбаларды

Шимер, Шижер) деп аталуы да шындыққа жанасымды. Ал Шумерлерде ағаш пен тастың табылмайтыны себепті оны киыр солтүстіктен қауіп-қатерге толы су жолымен әкелген және ол тек ауқаттылардың ғана улесіне тиетін.

Енді тағы бір пайымдауымызға жүгінейік. Ежелгі Шумерлердің сөздігінде «шу» – қол, «уыс – уус, ус» деген түсінік те береді. Ал көне түркі тілінде қол, уыс кең мағынада – тұтастықты немесе ұлысты, тайпалық одақты білдіретін. Мысалы, «он қол», «сол қол» немесе «он қанат», «сол қанат» (*Шыңғыс хан моңғол ұлысын үш бөлікке бөлген: оң қанат (қол), сол қанат (қол), орталық (кель)*). Егер осы мағына тұрғысынан алсақ, онда – Шумер – Ұлыс жері, халық жері (*Шу – уыс, ұлыс; мер – йер, жер*).

А. Фалькенштейн де Шумер атауын Ки-эн-ги (р) (*Әнліл құдай храмы орналасқан жердің атауы*) (Šumeru – іскаженная аккадская передача собственно «шумерского» названия Kenger или Keġer (*Kenger*) топонимінің фонетикалық өзгеруінен іздеуді ұсынады (Falkenstein A. Das Sumerische. — Handbuch der Orientalistik. Abt. I, Bd. II, Absch. 1-2, Geschichte der Forschung, Sprache und Literatur, Leiden 1959, S. 9, 11, 14-15). Дат шумеролігі А.

ШУМЕРЛЕР МЕН ТҮРКІЛЕР

Алтай өлкесі, Кемпіртас



Нитар (Ұмай), құдай ана

Вестенхольц Шумер атауын «ки-эме-гир» (*земля благодородного языка*) (*дәл аудармасы «Киелі жер ана» – Ә.Ш.*) деп аталған сөздің өзгеруінен іздеу керек» дейді.

Енді біз осыған қатысты өз топшылауымызды келтірейік, жоғарыдағы зерттеулердегі келтірген атаулардан «Кимер», «Қанг, Қанһа, Қанлы» түбірі көрініс беретін секілді. Үндестік занын ысыра тұрып, шумер сөздігіне жүгіне отырып талдап көрелік. «Кі» – ки – жер» деген мағынада қолданылады. Ал «эп» – эн – кожайын, ие, иелік етуші (яғни екі сөздің қосындысынан: «Ки-эн» түркілік Кі (р) – ие, дәл мағынадан Жер-ие (*қазақтың «Кие» сөзі де иелікпен, жермен байланыстырылады*) туындайды. Gi – ги (*р*) жинақтық ұғым береді. Сонымен: «Ши-жер-ие» – «Шилі жерлердің иелері» – «Шумер». Сонымен Шумер атауының бірнеше нұсқасын көрсеттік: Су-жер, Ши-жер (*Шиелі*), Ұлыс жері. Әрине, бұл талдау, болашақта басқа да көптеген нұсқалармен түсіндірілуі арқылы көбіей түсетіні анық.

Шумерлер оқулықтар жазбас бұрын алдымен, шумер-аккад сөздігін жасаған. Олардың екі түрі бар: жалпы және терминдік (*мысалы, ботаника, фармацевтика, зоология, минералогия және т.б.*) сөздіктер ізінді: шумерлік – диір, дири – аккадша – ватру – превосходящий (*асып түсетін*) қазақша – аса, дүр, дүрдей. Шумерлік оқулықтардың үлгісі «қыш кітапханалар» арасынан табылған э – дуба (*оқу, оқыту, оқулық, яғни адаба*) шумерлердегі бала оқытуды, мектепті және

Шумер тілінде баламасы	Қазақ тіліндегі	Мағынасы
а-руа	аруақ	Ғұрыпқа байланысты құрбандық беру рәсімі
аба-уру	ата ру	Ру ақсақалы
ага-уш	аға күш	Жауынгерлер мен күзетшілердің бас басшысы, қолбасшы
Уру	ру	Қауым
Ур, урук	ұрық	Төк, орда, қала
Дингир	Тәңір	Құдай
энгар	егінші	Егу жұмысын басқарушы
калам	ғалам	Тарап, бағыт
Кен	кеңес	Кеңесу, жиналыс
Ун кен	Үлкен кеңес	Халық жиналысы, кеңесі
Ген	Кел,кет	Жүру бағыты, жүрген, келген
Уру-рим, уру- ген	Рудан өру, үрку	Рудан немесе қаладан(ордадан) кету, үрку, босып кету
Нун-кур-гу	Некер	Билеушінің қоластындағы көмекші қызметшісі
гуруш	құрыш	Еркек, жас мықты жігіт, жұмыскер
Ерен	ерен	Әскери топқа біріккендер, жауынгерлер тобы, сарбаздар
Нгешту(г)	естілік	Құлақ немесе даналық дегенді білдіреді
Иги ку(г)	Игі көз	Тұнық көз немесе құлақ пен көз, даналық көзі дегенді білдіреді
Уту	От	Күн құдайы
Ишкур	Ұшқыр	Найзағай құдайы



Қапшақтардың әйел-тас мүсіндері

обаларының осындай ирек шеңберлер жиынтығынан тұратыны да шумерлерден қалған мұра болар. Маңғыстау өңірінде табылған сарматтар дәуірінің ескерткішіндегі сызбаның шумерлердің жорамал кітабындағы сызбалармен ұқсастығы айқын көрінеді. Түркілердің, кейіннен солардың ұрпағы казактардың шаруашылық тәсіліне орай, түрлі әдет-ғұрыптық рәсімдерді, соның ішінде мал ішегін (*қан-жыны*), жауырынын, жіліктерін жорамал жасауға пайдалануы біздің заманымызға дейін келіп жеткен. Олай болса, түркілік дәстүрлер мен шумерлік ырым-жоралғылардың сабақтасып жатқандығы негізсіз емес.

Ежелгі түркілік іздерді Шумерлерден іздегеніміз де тегін емес, еуропалық ғалымдар Халфен, Мюллер, Франке, Де Груут, Менген, Кастрен, Хаваси, Халоун, Харлейз,

Копперз, Котвич және т.б. ежелгі түркілердің әлемнің төрт бұрышында да қалдырған ізі туралы жан-жақты зерттеу жүргізгенін З.Тоған дәлелді келтірген. Шевеста, Кзермак, Шмидт, Копперз зерттеулерінде «көне түркілер мәдениетін б.д.д. II мыңжылдықта Ніл өзені аңғарынан жиі кездестіруге болады» – деп атап өткен. Ал М.Кастрен Орталық Азиядағы, әсіресе Алтай өлкесіндегі тайпалардың ежелгі Шумер жеріне қоныс аударғаны туралы жазалы. Бұл пікірді қолдаған В.Шмидт пен О.Менген Таяу Шығыс пен Ніл аңғарында ежелгі және үлкен мемлекетті, өркениетті Орталық Азиядан әскери-көшпенді қауымдар әкелген деп атап көрсетеді. О.Менген бұл деректерді жануарлар сүйегіне, әсіресе жылқы сүйегінің табылған жерін зерттей келе, оларды қолға үйрету соңғы тас пен жана тас дәуірінде Орал-Алтай және Солтүстік пен Орталық Азия тайпаларында болғанын, атқа



Үстірт. Әктастағы сызба (Тас, қола дәуірі). Бәйте – I-III

мініп алапат жорықтарға аттанып, өркениет тасымалдаушылары екендігін айтады. Темір өңдеуді де б.д.д. II мыңжылдықта Мысырға осы көшпенділер жеткізген. Ал Шумерлердің ежелгі Шығыстағы өркениеттің басында тұрғаны баршамызға мәлім.

Б.д.д. VIII-VII ғғ. Шығыс Түркістан жерін мекендеген «Шулардың» түркі тектес қауымға

жататынын көптеген еуропалық ғалымдар (Мысалы, Харлейз: (JA), 8-XX. 1892) атап өткен. Көне түркі аңыздарында да Сак пен Шу туыстас халықтың екі бөлігі ретінде көрсетілген.

Сактардың бір бөлігін Сулер (Жүнгүсі) деп аталғандығы б.д.д. 989 ж. Қытай деректерінде айтылған. Оларда сү (сэ) және су атауы сактарға қатысты айтылады. Мюллер, Франке және З. Тоған бұларды түркілердің ата-бабалары деп көрсетеді. Олай болса, бұл атаулардың да шумерліктерге қатысы болу мүмкіндігі жокқа шығарылмаса керек.

Шумер тілінің түркілік түбірі, тіпті қазіргі казак тілімен жай ғана салыстырғанның өзінде анық байқалады (*кестені қараңыз*).

Алғашқы жыр – дастан болып табылатын шумерлік Гильгамеш жыры (Бильгамеш) (Өтеміс, Токтамыс) түркілік түбірлерге толы. Мысалы: отқа салса құймейді, суға батпайды (Алпамыс секілді), өлімнен қашып, мәңгілік өмір шөбін іздейді (Қорқыт секілді). Мәңгілік өмірге ие болған, топан судан аман қалған ата-бабасы Утнапишгиді (өмірдің қыспағын көрдім, отына пістім, бірақ та адамдар ішінде жалғыз өзім мәңгілік өмірге ие болдым) іздейді.

Сонымен, Шумер мен түркі тілінің терең тілдік талдауына бармағанның өзінде, олардың арасындағы түбірлік мәндегі ұқсастықтардың бар екенін жокқа шығаруға болмайды. Бұл параллельдер қазіргі кезде татар, эзирбайжан, хакас, өзбек, түркімен ғалымдары тарапынан өз тілдерінің



Шиеэт-Улан (Бағана тас)



А.Құнанбаев (1845-1904)



Нитуп – Иль билеушісінің мүсіні

тарихымен салыстырмалы түрде қаралу арқылы жасалуда (*Т.Таиров, Н.Зелаяв және т.б.*).

Қазақстан тарихының берік іргетасын оның ежелгі тарихы құрайды. Осы іргетастың анағұрлым мықты, мызғымауы оның тарихи тамырының тереңдігімен, дәлдігімен және жазбаша деректерімен өріледі. Еуропа тарихшыларының «көшпенді», «жабайы», «жазу-сызу жоқ» деген терминдік түсініктерінің түбірі бос екендігі қазір баршамызға белгілі. Соған қарамастан, ежелгі Қазақстан

Әуезхан ШАШАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты



AINA

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ШЕБЕР АІК

Jas qazaq: Ержан, бұл өнерді меңгеруге не себеп болды?

Ержан Қожахметұлы: Кішкентай кезімнен табиғатқа тамсана қарап, әр заттың бояуына зер салатынымын. Тіпті сол затты басқа қырынан жасаса, қалай болар екен деп, өзімше сызбасын жасайтын едім. Бейнелеу өнеріне қызығушылығым осылай басталды. Әрі ағаларым да суретші. Содан да болар, олардың да маған ықпалы аз болған жоқ.

Біздің өлкенің табиғаты қандай екенін жақсы білесіздер. Өте көркем. Туған жерімнің

«Шебердің қолы алтын», – дейді атам қазақ. Аталы сөз Алматы облысына қарасты Қарабұлақ ауылында тұратын Ержан Қожахметұлына қарата айтылғандай. Ол бүгінде қара ағаштың дініне жан бітіріп, жан-жануарлардың мүсінін айныптай қашауда. Шебердің кісі қызықтыратын құнды дүниелері өлімізге біртіндеп таныла бастады. Жақында он саусағынан өнер тамған шебермен сұхбаттасудың реті келіп, өңгімеге тарттық.

қойылыпты. Әлемдік шараға қатысуға қалай жол таптыңыз?

Ержан

Қожахметұлы:

Бұл туралы ұсынысты достарым айтты. Расында да, елімізде алғаш рет өткен айтулы шараға қатысу оңай емес еді. Бірақ достарымның сөзі, қолдауы маған қанат бітірді. Бізге «Хан шатыр» декорациясын жасау бұйырды. Көрмеге жылқыларымның мүсіндері де қойылды.



Ағаштан мүсін ою Ресей мен АҚШ-та

көнірек дамыған. Осы үрдіс бізде де қалыптасуы керек. Өйткені қазақ өнері кез келген қонақтың назарын аудары алады. Әрі шикізат та тапшы емес.

Ағашты кәдеге жарата білген

Жылқы — қазақ үшін қадірлі жануар. Тұлпарларымының мүсінін тамашалағандар аз болған жоқ. Көпшіліктің көңілінен шықты деп ойлаймын.

Jas qazaq: Туындыларыңызды қандай ағаш түрінен жасайсыз? Бір мүсінді жасауға қанша уақыт кетеді?

Ержан Қожахметұлы: Мүсінді кәдімгі қара ағаштың дінінен жасаймын. Кейде алма ағашы мен қайың ағашын да пайдаланамын. Мәселен, бір жануарды жасауға бір ай еңбектенуге тура келеді. Алғаш рет еліктің лағын жасағаным әлі күнге есімде. Осы секілді құнды заттың жасалуына түрткі болатын қарапайым ағаштың бізде көптігіне қуанасын. Өкінішке қарай, ағаштың қадірін терен біле бермейтіндігіміз де ашы шындық. Жол бойындағы қара ағашты жаппай отап, отын ретінде пайдалана береміз. Текке құрап жатқан ағаштарға жаным ашиды. Соның өзінен қаншама мүсін жасауға болады.



Қолынан іс келетін мүсіншілер

өз туындыларын жәрмеңкелерде жарнамалап, шетелдерде қазақ өнерінің танылуына барын салуы керек.

Jas qazaq: Әр бояуда сыр жатады дейді. Сіз бояуды қалай пайдаланасыз?

Ержан Қожахметұлы: Бояуды пайдалану соншалықты қиын емес. Оның өзі жасаған мүсініне байланысты. Мәселен, аюды қызыл түске бояу ақылға сыйымсыз. Қалай десек те, құнды дүниенің құдіретін көрсететін бояу екендігін де жасыра алмайсыз. Жақсы дүние әдемі бояумен өрленуі керек. Мен мүсіндеріме қарапайым майлы бояуларды қолданамын. Тіпті көлікке арналған бояуды да кәдеге жаратамын.

Jas qazaq: Алға қойған жоспарыңыз қандай? Шәкірт тәрбиелеу ойыңызда бар ма?

Ержан Қожахметұлы: Басты мақсатым — жеке шеберхана ашу. Ал өнерді үйренем деген жастар болса, шәкірт ретінде тәрбиелеуге болады. Қазір ашық аспан астында жұмыс істеймін. Болашақта кәсібімді жақсы ғимаратта жалғастырығым келеді.

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА



БӘРЕКЕДІ

Киелі Жетісудың тумасы Еламан жалақысынан үнемделген ақшаға нан алып, мұқтаж жаңдарға тегін таратады. Ол: «Алғаш рет қайыр тілеп отырған бір мүсінге нан сатып өпердім. Оның сол кезде маған ризашылықпен қарағаны қатты әсер етті. Қайырымдылыққа осылай бет бұрдым», – дейді.



Нанды тегін таратады

Анасы Жанна Дәрменбекова жалғыз тұяғын имандылыққа баулығаны көрініп тұр. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін ағылшын-қытай тілі мамандығы бойынша бітірген. Титов атындағы орта мектепке ағылшын тілінен сабақ береді. Орыс, қытай, ағылшын тілін жетік меңгерген. Бос уақытында Талдықорған қаласындағы үйсіздер мен қаңғыбастарға тегін нан таратады. Еламан Бекетаев елдің алғысын арқалап жүр. Қарабұлақтан шыққан қара баланың тірлігін «хайп» санаған жастар енді өнеге ете бастады.

Қажет АНДАС,

Ескелді ауданы, Алматы облысы

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын JAS QAZAQ газетінде және www.jasqazaq.kz сайтында ұсыну тәртібі мен төлем мөлшері туралы мәліметтер

JAS QAZAQ газеті «Аманат Медиа» ЖШС-і және www.jasqazaq.kz сайтының меншік иесі.

JAS QAZAQ газеті — 2005 жылдан бері қазақ тілінде жарық көретін, ұлттық апталық.

Газеттің форматы — D2

Газет аптасына 1 рет, жұма күні шығады.

Газеттің бір бетіндегі жарнама көлемі — 1600 ш. см

Апталық тираж — 5000 данадан кем емес.

2019 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті сайлауына қатысатын кандидаттарға сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға арналған баспа беттерін JAS QAZAQ газетінде және www.jasqazaq.kz сайтында беру талаптары жайында хабарлайды.

ҮГІТ-НАСИХАТТЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

Үгіт-насихаттық баспа материалдары Газетке Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық Заңының 3-тармағының 28-бабында көзделген көлемде, Газеттің меншік иесімен басылымнан орын беру туралы келісімге қол қоюға өкілетті тұлғаның қолымен ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Газетке модуль немесе мақала түрінде ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын Газеттің беттерінде орналасуын Редакция өзі анықтайды.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Газетке шығатын күнінен 3 (үш) жұмыс күн бұрын беріледі.

Егер Президенттікке кандидат сайлау алдындағы бағдарламасында Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеяларын уағыздайтын болса, газет үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

ГАЗЕТТІҢ БАСПА БЕТІНДЕГІ ОРЫННЫҢ ТӨЛЕМАҚЫСЫ МЕН ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

Үгіт-насихаттық және ақпараттық материалдар үшін басылым бетінен орын беру ақысы:

Дайын мақаланы немесе модульді ішкі бетке орналастыру 1 ш. см — 1000 тенге ҚҚС қоса есептегенде.

Дайын мақаланы немесе модульді 1-ші; 8-ші (бетке түрлі-түсті бет) орналастыру 1 ш. см — 1100 тенге ҚҚС қоса есептегенде.

Дайын мақаланы www.jasqazaq.kz сайтында орналастыру (кеңістікті есептегенде әрбір 2500 п.б. дейін 1 күннен кем емес) — 100 мың тенге ҚҚС қоса есептегенде.

Төлем Газет басылымнан орын беруі туралы тиісті келісімшартында көрсетілген банк реквизиттері бойынша немесе ұсынылған төлемшот негізінде алдын ала, төлемшот ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төленуі тиіс.

Мекен жайы: Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат. Байланыс тел. 8 (727) 272-46-22, 272-43-25 E-mail: jas_qazaq@mail.ru

СААВАТТЫ ӨМІР

Скандинавиялық жүріске қатысыңыз



Алматыда 2 маусымда скандинавиялық жүрістен «Almaty Nordic Walking Fest – 2019» фестивалі өтеді. Бұл туралы шараны ұйымдастырушы, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Елена Хрусталева, спортшы, журналист Андрей Кукушкин мен «Еуразия» скандинавиялық жүріс мектебінің директоры Максим Проценко журналистермен жүздесуде айтты.

Даңқты спортшы Елена Хрусталева: «Скандинавиялық жүріс — рахатқа бөленіп, өзіңізді жақсы қалыпта ұстауға мүмкіндік беретін, барлық жастағы адамдар үшін фитнесіңіз өсем түрі. Барлық қатысушылар үшін уақытты есептеуді, тәжірибелі және спорттың осы түрін жанадан бастағандарға арнайы қашықтықты ойластырдық. Almaty Nordic Fest жұрт жүрегін жаулап алады деген үміттеміз», — деді.

Скандинавиялық жүріс — дене пішіні, көңіл-күйді жақсарту, сонымен қатар салмақты бақылаудың қарапайым және тиімді тәсілі. Скандинавиялық жүрістің танымалдылығы артып келеді. Жарысқа 14 жасстан асқан спортқа қызығушылығы бар барлық адам қатыса алады.

Оларды онлайн тіркеу www.nordicwalkingfest.kz сайтында белсенді жүргізілуде.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Jas qazaq газетінің ұжымы басылымның бұрынғы қызметкері Гүлзат Смағұловаға жолдасы

Жұмабек ТАБЫННЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрлаулет ТАЛҒАТҰЛЫ — Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2162; Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.